

ӘОЖ070:316.772

**ГОНЗО ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЗАМАНАУИ МЕДИА КЕҢІСТІКТЕГІ ОРНЫ**

**Қайыргелді Гүлзат Русланқызы,**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, журналистика және саясаттану  
факультеті, журналистика мамандығының 2-курс магистранты

[kairgeldina\\_gulz@mail.ru](mailto:kairgeldina_gulz@mail.ru)

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор **Шыңдалиева Меңдігүл Бұрханқызы**

[mendigul@list.ru](mailto:mendigul@list.ru)

Соңғы онжылдықтар ішінде қазіргі заманғы баспасөз толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті тәуелсіздік пен еркіндікке ие болды. Осыған орай, публицистикалық мәтінді

жасаушының да, оның адресатының да субъектілік рөлі ерекше артып, журналистік шығармашылықтың барлық аспектілерінде және ең алдымен БАҚ тілінде көрініс тапты. Қазіргі журналистер ақпаратты іздеуге және беруге ғана емес, сонымен қатар оны тілдік, стильдік тұрғыда интерпретациялауға тырысады. Қазіргі баспасөз диалогтық негізде құрылған десек те болады. Журналист өз оқырманымен батыл байланыс жасайды. Сол арқылы адресаттың әлеуметтік-мәдени және психологиялық моделін, оның құндылықтары мен сұраныстарын ескере отырып, автор оқырманымен бірге даму, деректі бірлесе түсінуді, нәтижелі қарым-қатынас процесін жасауға жағдай жасайды.

Жаңалық жаршысы сипатталған деректерге қатысты өзінің ұстанымын ғана емес, сонымен бірге оны ұсыну тәсілдерін де қарастырады, бір жағында жеке шығармашылық қабілеттері болса, екінші жағынан адресаттың танымдық мүмкіндіктерін ескереді. Қазіргі журналист еркін ойлы, ол оқырмандарымен өзінің ойлары мен болжамдары, күмәндары және дәлелдерімен батыл бөліседі, тіпті оқырманды шығармашылық процесіне де қатыстырады.

Осы толқынмен журналистикаға жаңа және нақты бағыт «жаңашыл журналистика» ұғымы енді, («жаңашыл журналистика» ұғымы 60-жылдары қолданыла бастады, ол прозаға жақын журналистиканы білдіреді), соның аясында гонзо журналистика жанры пайда болған [1,56-б].

Гонзо – журналистикадағы жаңа бағыт емес, бірақ оның танымалдылығын интернет ресурстарының дамуымен байланыстырамыз және жеткілікті түрде анықтамасының берілмегендігін көреміз. Қазақстандық, тіпті көршілес Ресей университеттерінің оқу бағдарламаларында бұл жанрдың кездеспеуі, сонымен қатар журналистика кафедрасы оқытушыларының бұл терминді бірі білсе бірі білмейтіні жасырын емес. Тіпті интернеттің қазақ тілді сегментінде гонзо журналистика туралы теориялық ақпарат бірнеше сөйлемнен ғана тұратынын байқаймыз. Енді гонзо ұғымын түсінуге тырысайық, өйткені қазіргі интернет-журналистика оның кең мағынада талдануын талап етіп отыр.

Гонзо журналистика – терең субъективті баяндау стилі болып табылатын бағыт, онда тілші сипатталған оқиғалардың тікелей қатысушысы ретінде әрекет етеді және өзінің жеке тәжірибесі мен эмоциясын осы оқиғалардың негізгі мағынасын айқындау үшін қолданады. Дәрекі сөздерді, сарказмды, әзіл-оспақ, асыра сілтеу әдісін қолдану да осы стильдің ажырамас ерекшелігі болып табылады [2,3-б]. Википедиядағы дереккөздерге сүйенсек, гонзо терминін алғаш рет Boston Globe редакторы Билл Кардозо 1970 жылы жазылған «Кентуккидегі ат жарысына» арналған мақаланы оқығаннан кейін қолданған. Ат жарысына журналист ретінде кіре алмай қалған Х.Томпсон, көрермендер арасында кезекте тұрып, өзінің бар көргенін күнделігіне түртіп алған. Кейін мақаланы тапсыру мерзімін өткізіп алып, редакторға еш өңдеуден өтпеген қолжазбасын тапсыра салған. Гонзо стилінің негізін қалаушы Хантер Стоктон Томпсонның сарказмға толы бұл жазбасы редактордың көңілінен шығып, иллюстрациясын ағылшын суретшісі Ральф Стэдмен жасағаннан кейін баспадан жарық көрген.

Журналистикадағы осы бағыттың орыс тілді жақтаушылары гонзо журналистиканың ерекшеліктері мен нақты функциялары туралы былай дейді: «... билікті ұстанушылар өздерінің материалдық және өршіл мүдделерін көздей отырып, қоғамның қарапайым мүшелерін мүлдем ескермейді. Осы жағдайларда гонзонның болуы - жүйеге қарсы наразылық. Болып жатқан жағдайларға көзқарастың айқын, дәстүрлі емес, парадоксальды, әдеттен тыс болып көрінуі, шындықтың түбіне жетуге тырысу - бұл гонзо стилінің басты белгілері ».

Гонзо журналистиканы анықтау оңай емес. Бұл үрдістің мағынасын көрсететін бірнеше критерийлер бар. Ең алдымен гонзода субъективтілік, эклектизм, мазмұнның сызықтық болмауы көрініс табады. Гонзо әдетте репортаж жанрында көп пайдаланылады. «Бұл стильде ережелер жоқ, ол заңдарға бағынбайды, берілу формасы көбінесе мазмұнына сәйкес келмейді, ал мазмұны тақырыпқа сай келмей жатады. «Гонзо» стиліндегі мақала авторы, іс жүзінде, өзі сипаттаған оқиғалардың тікелей қатысушысы болуы керек. Гонзода автор жай әңгімелеуші ғана емес, сонымен қатар материалдың басты кейіпкері болып табылады» [3,5-б]

Әрбір жанрдың өзіндік ерекшелігі өзіндік әдеби-стильді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Репортаж жанры кейіпкердің қатысуы мен эмоцияның үйлесімсіз мүмкін емес. Репортаж ең алдымен болған оқиға, байқалған құбылыс жайында бастан-аяқ баяндау. Репортаж барысында журналист оқиғаны сан қырынан көрсетіп, шынайы болмысты оқырманға, тыңдарманға, я көрерменге жеткізеді [4].

Жоғарыда атап өткеніміздей гонзо стилі репортаж жанрында жиі көрініс табады. Сонымен қатар біз көп жағдайда синтетикалық жанрларды да кездестіреміз. Оларға әлеуметтік желілерде кездесетін материалдардың ақпараттық блогы «постты» жатқызамыз. Телеграм желісіндегі Ержан Рашев, Бейбіт Алибеков, инстаграм желісіндегі Өркен Кенжебек, фейсбуктегі Серік Абас-Шахтардың т.б. жариялаған посттарын үлгі ретінде көрсете аламыз. Осыдан бұл стильдің көбіне жас аудиторияға өтімдірек екенін көреміз. Сол үшін де болар әдетте гонзо мәтінінің тілдік және стилистикалық ерекшелігі, жоғарыда айтылғандай, экстремалды әрі эмоционалды болып келеді.

Гонзо стилін - мәтіннің әр жеріне мүмкіндігінше нормативті емес лексиканы пайдалану деп қабылдап жатады. Егер сіз осы логиканы ұстанатын болсаңыз, онда кез-келген мәтінге әдепсіз сөз қосуға болады, нәтижесінде материал гонзо журналистикасының жемісі болады деген ой тууы мүмкін. Мұндай пікір, әрине, дұрыс емес. Жоғарыда айтылғандардың барлығын қортындылай келе гонзо журналистиканың келесі белгілерін ажыратуға болады:

- оның репортаж жанрында берілуі;
- субъективтілік;
- автор рөлінің басым болуы;
- эклектика;
- автордың сөздік қорының ерекшелігі.

Мәтін құрылымында автор оқиғаның басты қатысушысы және жалғыз бақылаушы рөлін атқарады.

Мәтіннің идеялық құрылысы үшін ең маңыздысы - оқиға емес, автордың оқиғаға деген реакциясы.

Мәтіннің негізгі стилистикалық және лингвистикалық ерекшелігі – эмоционалды болады.

Мәтіннің құрылымы мәтін жанрымен ешқандай байланысы жоқ болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілген критерийлерді біз орыс тілінде ақпарат тарататын qumash\_kz инстаграм парақшасынан көре аламыз.

Әрине онлайн күнделіктерді БАҚ-қа жатқызу мәселесі жаңа емес, бірақ әлі де өткір және өзекті болып отыр. Интернет жедел дамуда, сондықтан дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары электронды аудитория мен ақпарат таратудың арнасы - Интернет тұтынушыларының қажеттілігімен өзгертілетін журналистиканың жаңа формалары мен түрлеріне бейімделуге және қабылдауға үлгермей жатады.

Желідегі заманауи журналистік ағымдарды тек біртұтас электрондық процесс ретінде қарастыруға болады. Сондықтан интернеттегі блогтарды дәстүрлі БАҚ контексіне сәйкес келтіруге тырысатын және осы ақпараттық құбылыстың ерекшеліктерін ескермейтін консервативті теоретиктер әрдайым бұл тенденцияны дұрыс суреттей бермейді.

Гонзо жанрындағы мақалалардың көпшілігі блогосферада және басқа да әлеуметтік желілерде пайда болады, өйткені Интернет ресурстар цензураға аз ұшырайды және бұл әркімге өз қалауынша материал жазуға мүмкіндік береді. Мұндай бостандық Қазақстанда және басқа елдерде гонзонның дамуына мүмкіндік берді. Бұл жанрға деген қызығушылық цензура тұрғысынан шектеулердің болмауынан туындады. Мұның түпкі себебі қазіргі заманғы баспасөзде құрғақ, біркелкі ақпараттың берілуі. Гонзода ақпаратты ұсынудың қарапайымдылығы және оның экспрессивтілігі жақсырақ қабылданады және біздің ойымызша мәліметті тереңірек береді. Автор өз пікірін еркін жеткізеді. Ақпарат берудің бұл түрі бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында дерлік көрініс тауып келеді: баспасөз, теледидар, кино, радио, интернет.

Гонзо-журналистика - бұл ең алдымен әлеуметтік журналистика, ол сезімтал мәселелерді ашуға, бос уақыт пен көңіл көтеру саласына емес, қоғамның әлеуметтік, саяси, рухани өміріне әсер етуге арналған. Жарты ғасыр ішінде бұл стиль өзектілігін жоғалтпады, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлері: баспасөз, теледидар, фотография, кино, радио, Интернетке енді. Гонзода ең бастысы - нақты және субъективті ұстаным, автордың сипатталған оқиғаларға қатысуы, оқиғаға жеке көзқарасы. Оқырманды қатыстыра отырып катал реализм, дәрежелік, абсурдке алып келу- стильдің ажырамас атрибуты.

Өзінің ерекшелігіне қарамастан, Қазақстандағы гонзо журналистика заманауи ақпарат ағыны механизмінде басталған қайтымсыз процестердің арқасында өзектілігін жоғалтпайды.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Том Вулф «Новая журналистика и Антология новой журналистики»  
royallib.com/...tom/novaya\_gurnalistika\_i\_antologiya\_novoy\_gurnalisti
- 2 <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 3 Gonzo.org.ua
- 4 Шындалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық.  
Алматы: Эверо баспасы, 2014 ж. -324 бет.